

Павлодар облысы Качиры ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облысының әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 14 қаңтардағы біріккен N 1, 50/3 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 24 қаңтарда N 3102 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6- бабы 1- тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11- бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Качиры ауданының мәслихаты мен әкімдігінің 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 5/26, N 5/27 бірлескен шешімдеріне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 28 қазандағы "Павлодар облысы Качиры ауданының, Качиры селолық округінің және Қашыр ауылының атауларын өзгерту туралы" N 246/8 қаулысына сәйкес және Качиры ауданы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі комиссиясы Качиры ауданын Тереңкөл ауданы етіп қайта атау туралы мәселесін қазақстан Республикасы үкіметіне жолдасын.

2. Качиры селолық округі Тереңкөл селолық округі, Қашыр ауылы Тереңкөл ауылы болып қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі